



# ҚАРМАҚШЫ



№83 (10141)

www.qarmaqshy-tany.kz

karm\_tany@mail.ru

Сейсенбі  
18 қазан 2022 жыл

Газет 1932 жылғы 12 сәуірден шығады

Аптасына 2 рет шығады

▶ АЛТЫН ДӘН – 2022

▶ ЕҢБЕК АДАМЫ

## Береке мен молшылық мерекесі



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев егінжай ерлерінің егінді жинау науқанында қол жеткізген жетістіктерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының бірқатар озаттарына марапаттады.

«Біздің облыс еліміздің күрішке деген қажеттілігінің 90 пайызын өтеп келеді. Жыл сайын экспортқа 100 мың тонна көлемде күріш шығарылады. Мемлекет басшысының қолдауымен Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттер арасындағы келіссөз нәтижесінде су көлемі былтырғы деңгейден көбейді. Осы орайда диқаншы қауымның ұсыныс-тілегін ескере келе Президентіміздің пәрменімен күріш егісін 78 600 гектар көлемінде қалдырдық. Даланың дана диқаны Ыбырай Жақаев «Егініне қарап – қырман, күтіміне қарап – түсімі» деген. Күрделі жағдайға қарамастан күріштің әр гектарынан 70 центнерден аса өнім алған «Ақтөбе и К», «Жаңажол», «Абзал и К», «Мағжан и К», «Ақжарма и К», «Ақжарма – 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерін ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ күріштің әр гектарынан 90-100 центнерден өнім алған күрішші-звено жетекшілерін мақтан тұтамыз. Қамбаңыз дөңге, қорамыз малға толып, халқымыздың құт-берекесі арта берсін», – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы.

Енді бір айта кетерлік ерекше жайт, биыл Сыр елінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен аймақтағы ірі шаруашылықтар елді мекен тұрғындарына арнап 10 және одан да жоғары гектар егістік алқапқа түрлі бақша өнімі және картоп егуге жұмыс жасады. Соның нәтижесінде 6802 отбасы 1833 гектар жерге түрлі бақша

дақылын орналастырып, айтарлықтай өнім алды.

Аймағымыздың дала дарабоздарына арнап ұйымдастырылған дәстүрлі салтанатты шарада аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласына елеулі үлес қосқан сала майталмандарына «Қызылорда облысының құрметті азаматы», сондай-ақ саланың бірқатар үздіктеріне облыс әкімінің құрмет грамотасын, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін тапсырды.



Жыл қорытындысымен сала бойынша топ жарған озаттарға, оның ішінде біздің

тоқтаусыз жүріп-тұруын қамтамасыз етіп, жауапкершілікпен еңбектің ерен үлгісін көрсеткен «Жаңажол» ЖШС инженері Сағат Сыдыбаев пен 50 гектар күріштің әр гектарынан 80 центнер өнім жинап мерейі үстем болған «Ақжар» шаруа қожалығының сушысы Ғалымжан Әбенов автокөлік мінді.

Мерекелік іс-шара ертесіне облыс әкімдігінің қала тұрғындарына арнап дәстүрлі «Алтын дән – 2022» ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесіне ұласты.

Ала жаздайғы ризық несібесін жерден терген дала диқандарының 1000 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдері халыққа нарықтан төмен бағада сатылды.

Қармақшылық диқан қауымның қала тұрғындарына арнап өткізген жәрмеңкесінде 56 жүк автокөлігімен 171 тоннадан астам өнім түрі жеткізілді. Оған 31 тонна күріш, 1,3 тонна ет және 3 тонна балық пен 120 тонна бақша өнімі, 40 литр сүт, шұбат және 200 келіге жуық кондитер өнімі қойылды.

Салтанатта «Жаңажол» ЖШС инженері Оралбай Машаралов Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін марапатталып, «Лада» автокөлігіне не болса, науқан кезінде техникалардың көктемгі, күзгі мерзімде

КҮЗ – БЕРЕКЕ АЙЫ. АЛА ЖАЗҒЫ ЕҢБЕКТИҢ БЫРЫЗДЫҒЫ КӨРІНЕТІН МЕЗГІЛ. БИЫЛ ДА СЫР ЕЛІНІҢ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ КҮЗГІ ЖИЙІН-ТЕРІМДЕ АҚ МАРЖАНЫН ТӨКПЕЙ-ШАШПАЙ ЖИНАП АЛЫП, ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШПЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. ДИҚАН ҚАУЫМЫНЫҢ МЕРЕЙІН ТАСЫТҚАН «АЛТЫН ДӘН – 2022» САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАСЫ НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА ӨТТІ.

аудан бойынша «Егін шаруашылығы» номинациясымен 1500 гектар күріштің әр гектарынан 72,2 центнерден өнім алып, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудегі жоғары жетістіктері үшін білікті басшы, сала майталманы Нұрлан Іздібаев басқаратын «Ақтөбе и К» ЖШС облыс бойынша «Озат егін шаруашылығы» номинациясымен марапатталып, I орынды иеленсе, 56 гектар күріш егіп, өзіне міндеттелген күріштің алқаптың әр гектарынан 86 центнерден өнім алған «Жаңажол» ЖШС сушысы Ержан Серікбаев, маусымда 35000 центнер астық бастырған «Тұрмағамбет» ЖШС комбайнері Болат Сәуенов және 700 гектар астық орган «Ораз ахун ЛТД» ЖШС жатқисі Талғат Саметов үздіктер қатарынан орын алды.

Салтанатта «Жаңажол» ЖШС инженері Оралбай Машаралов Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін марапатталып, «Лада» автокөлігіне не болса, науқан кезінде техникалардың көктемгі, күзгі мерзімде



## Қайсар құтқарушы

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ. ТІЛСІЗ ЖАУДАН ТӨНГЕН ҚАУІПKE ҚАРАМАСТАН КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫНМЕН АРПАЛЫСҚАН ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ҚАЙСАРЛЫҒЫ МЕН БАТЫЛДЫҒЫНА ЕРЕКШЕ ТӘНТІ БОЛАСЫҢ. ИӘ ОСЫДАН АЗ УАҚЫТ БҮРЫН ҚОСТАНАЙДАН БАСТАЛҒАН ӨРТ ЕЛІМІЗДІҢ БІРҚАТАР АЙМАҒЫНА ЖАЛҒАСЫП ӨРТ-СӨНДІРУШІЛЕР МЕН ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІНІҢ ҚАДІРІН ТҮСІНГЕНДІ БОЛДЫҚ.

Құтқарушылардың жұмысы қауіп-қатерге толы. Бір адамды қатерден аман алып қалудың өзі үлкен ерлік пен өрлікті талап етеді. Елімізде осыбір қиын да қызықты мамандықты өмірінің мәніне айналдырған адамдар бар. Олардың өмірі мен еңбегі талайға үлгі. Себебі таңдаған мамандығын шын сүйіп, еңбек ететін салаға жан-тәнімен беріле жұмыс істейді. Мұндай мамандар үшін атақ-абырой бірінші орында емес, маңыздысы – кәсібіне деген адалдық.

Міне, осындай жүгі ауыр салада жанкештілікпен еңбек етіп жүрген маманның бірі – Қасиет Қасымов. Ол аудандық №10 өрт сөндіру бөлімінде өрт-сөндіруші құтқарушы болып еңбек етеді. Мереке қарсаңында қайсар құтқарушымен тілдесіп қайтқан едік.

Қасиет Маратұлы Қызылорда қаласындағы Абылайхан атындағы колледжде төтенше жағдайлар, құтқарушы мамандығы бойынша білім алған. Алғашқы еңбек жолын Байқоңыр қаласындағы өрт сөндіру бөлімінде көлік жүргізуші болып бастады. Кейіннен аудандық №10 өрт сөндіру бөліміне ауысып қазіргі таңда осы мекемеде өрт сөндіруші-құтқарушы болып еңбек етеді.

Ол өзінің өрт сөндіру саласында қызмет ететініне еш өкінбейтінін айтады. «Кез келген апатты жағдайда қырағылық танытып, елге қалтқысыз қызмет ету басты міндетіміз. Өз мамандығымды жақсы көремін, адамдарға пайдамды тигізіп, қоғам үшін еңбек етуді борышым деп есептеймін» дейді ол.

Қасиет Қасымов әріптестері арасында сыйлы, кез келген жағдайда тәртіпті бірінші орынға қоятын тәуекелшіл жас. Ол жары Маликамен бірге Даниял, Диана есімді үл-қыз тәрбиелеп отыр.

Тілсіз жаумен күресетін бұл сала үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қауіпті қызмет кез келген тосын жағдайдың алдын алып, зардабын жоюға күш жұмсайды. Апатқа ұшырағандарды құтқарып, алғашқы жәрдем көрсетеді. Олардың алға қойған басты міндеті – халықтың тыныш өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайға жол бермеу. Өйткені олар үшін адам өмірін құтқару бірінші кезекте тұрады. Қиындыққа қарамастан, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге асығады. Лаулаған оттың ортасына кіреді, адамды апаттан құтқарады.

– Қызыл жалынның ортасына кіргенде біздің бар назарымыз от ортасында қалған адамды құтқаруға, өртті сөндіруге ауады. Ал алауды ауыздықтау – бүкіл бір команданың жұмысы. Сондықтан біздің күшіміз – бірлікте, бір-бірімізге деген сенімде. Ең басты қағидат – осы, – дейді ол әңгіме арасында.

Түйін. Жазда орталық алаң маңындағы шағын дүкендердің бірінен өрт шықты. Айнала әп-сәтте қара түтінге оранды. Көп ұзамай өрт сөндірушілер келіп, жалынды шарпыған аймақты басты. Өрт шыққан маңнан сәл қашықта тұрсақ та жалынды басқан судың ыстық лебі бойымызды тітіркендіріп жіберді. Бойды қорқыныш биледі. Бұл – олардың істейтін күнделікті жұмыстары. Алайда өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың өздері бұл ауыр да абыройлы жұмыстарымен жаһанға жар салып, мақтанбайды.

Ақнұр САҒЫНТАЙ

▶ БӘРЕКЕЛДІ

## Жеңісің көп болсын, Натали!



Жас та болса өзінің спорттық мансабында жоғары нәтиже көрсетіп, Қазақ елін әлемге танытып жүрген байқоңырлық спортшылар жетерлік. Онда бірнеше күрес түрі мен каратэ-до ерекше дамыған. Осы және басқа да спорт түрі бойынша әлемдік, азиялық, халықаралық деңгейдегі жарыстардан жеңімпаз атанып, елдің абыройын асқататып жүрген қызымыздың бірі – Натали Касикова.

Қазақстанның қол жеткізген табысының бірі 2017 жылғы өткен «Экспо» көрмесі. Осы бәсі биік халықаралық іс-шарасы аясында өткен Азия чемпионатында жерлесіміз III орынды иемденіп, Қазақстан құрама командасы сапынан нықтап орын алды. Тіпті басқа да халықаралық жарыстарда шетел спортшыларынан басым түсіп, чемпион атанды.

Натали 2019 жылы Германияда 16-17 жас аралығында өткен халықаралық турнирде жүлделі II орынды жеңіп алса, келесі кезекте Малайзия, Ресей мемлекеттерінде шеберлігімен тәнті еткен каратэші аруымыз 2020 жылы өткен Әлем кубогында да үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанды.

– Әлемнің мықтылары жиналған бұл байрақты жарыста әрбір елден келген каратэшілер өз елінің мәртебесін асыру үшін қолдан келгенше өнер көрсетті. Ал менің қарсыластарым небір дүбірлі додада топ жарған мықтылар болды. Алайда туған еліміздің намысын қолдан бермеу үшін бар күш-жігерімді жинап, алға ұмтылдым. Сөйтіп өз салмағымда чемпион атандым» дейді сол бір жарыста басынан өткен сәтін есіне алған Натали.

Бүгінде талай дүбірлі жарыста ел намысын қорғап, абырой биігінен көрініп жүрген спортшының алғашқы бапкері Эльвира Лидің, содан кейін халықаралық дәрежедегі спорт шебері Дильдора Усманованың

тыңғылықты жаттықтыруымен байрақты бәсекеде топ жарған болса, бүгінде ол Орал қаласындағы жоғары спорт академиясында білім алады. Білім алып қана қоймай, халықаралық республикалық жарыстарда бақ сынап, жоғары нәтиже беруде. Натали жақында Ринат Менғалиевтың жаттықтыруымен Шымкентте өткен ел біріншілігінде I орынды иеленді.

Айта кетерлік, Натали Ресей және Қазақстанның спорт шебері атанған бірден-бір қазақстандық каратэші. Ол Азия – Еуропа біріншілігіндегі екі дүркін жеңімпазы атанған қазақстандық.

«Каратэ до – адам баласы үшін қарусыз қорғандық түрі. Соңғы уақытта қазақ арулары осы спорт түрі бойынша сенім үдесінен шығып жүр. Байрақты бәсекелерде көк туымызды аспанда-тып, елімізде спорт саласының дамуына перзенттік үлесімді қосу мен үшін зор мәртебе. Спортты, оның ішінде каратэ-доны таңдағаным өкінінбеймін» дейді Натали Касикова.

Қазіргі кезде спортшы Қазақстан құрамасы сапында осы жылдың желтоқсан айында Өзбекстан мемлекетінің астанасы Ташкентте ересектер арасында өтетін Азия чемпионатына қатысуға дайындалуда.

Жеңісті күндерің көп болсын, Натали! Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ

## Дала аналары

Ертемен мініп шығып «Жерғұла» атын, Белгілеп отыратын жердің атын. Біздің қазақ бекерге сөз қылмаған, Еңбек шығарады деп ердің атын.

Көктемде қолына алып көп күрегін, Еңбек десе ерекше өткір едің. Жер жырттып, дәнін сепкен диқангерді Даланың данасы ғой деп білемін.

Көретін ауылының сазын балдай, Тұра алмас қайраттанып қажырланбай. «Еңбектің наны тәтті» деген мақал Сіздерге қаратылып жазылғандай.

Еңбеккерлер еңбегі жана берсін, Дарабоздар мәреге дара келсін. Ыбырай, Ұзақ, Жадыра, Сәлималар Бақыты мұра болып қала берсін!



Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Ол 2003 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Отбасылық жағдаймен атанасы Байқоңырға көшіп келген соң қала мектебінде білім алады. Сабағын оқи жүріп қосымша спорттың каратэ-до түрімен айналыса бастайды. Оған да биыл міне 10 жыл уақыт болыпты.

Каратэден алғашқы жетістігін Бұрабайда өткен Қазақстан чемпионатында жүлделі II орынмен бастаған ол кейін де осы жеңістерін қайталайды. Талай жарыста жасындай жарқырап, туған жерге жүлдемен оралды.

Солардың кейбіріне тоқталып өтсек.

► Өңір

► БІЗДІҢ СҰҚБАТ



## Әрбір тұрғынның тілегі ескеріледі

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДА ЖӘНЕ АЙМАҚ БАСШЫСЫ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚ БУЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША АУДАН ТҮРГЫНДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ.**

Оған облыстық прокурордың, облыстық полиция департаменті бастығының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасарлары қатысты.

Жылы барысында тұрғындардың жеке әлеуметтік мәселелерімен қоса Жосалы кентіндегі темір жол үстіне көпір немесе көпірдің болмауы себепті теміржол өткелінде тәртіпке қайшы кептелістің жиі орын алуы, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы Батыс Еуропа – Батыс Қытай автодәлізін кең жолақты ету мәселесі, Ресей Федерациясында тіркеуде тұрған автокөліктердің есепке қою тәртібі туралы және құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы ұсыныс-пікірлер айтылды.

Облыс әкімінің орынбасары және құқық қорғау органдарының басшылары тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің шешілу жолдарын ұсынып, қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес түсіндірме жүргізді. Қабылдауда айтылған әрбір мәселеге жеке-жеке тоқталып, тиісінше жазбаша жауап берілгендігі жеткізілді.

Қоғамдық қабылдаудан кейін Мархабат Жайымбетұлы Жосалы кентіндегі күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады. Бірінші кезекте денешынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысты. Аталған жоба құрылысын мемлекеттік сатып алу қорытындысымен «Сапақ» ӨК жүргізіп келеді. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталып, нысан жақын арада тұрғындар игілігіне берілімек.

Мұнан бөлек аудандық аурухана қазандығының ғимаратын қайта жабдықтау бойынша жөндеу жұмыстары және Жосалы кентіндегі №30 орта мектептің жылу жүйесін сүйіс отыннан сұйытылған газға ауыстыру барысындағы құрылыс жұмыстарын көрді.

Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша және облыстық бюджет арқылы ауызсу және кәріз жүйелерін жаңғырту жұмыстары негізінде ауданға қарасты елді мекендерде 3 жоба жүзеге асуда. Оның бірі Қармақшы ауылындағы су қабылдайтын құрылыс қайта құру жұмыстары. Облыс әкімінің орынбасары М.Жайымбетов «Тепло-энергострой» ЖШС бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан жобаның жұмыстарын бағамдап, көптен бері кезегі күткен игі жобаның жергілікті жұртшылық үшін аса маңызды екенін жеткізді.

Нысандарды аралау барысында облыс әкімінің мердігерлерге әрбір нысан өз мерзімінде және сапалы жүргізілуін тапсырды.

“Қт” ақпарат

Басы 1 бетте

## Береке мен молшылық мерекесі

Жәрмеңкеде қала тұрғындарына білікті сала майталмандары – Орынбасар Төлепов, Жомарт Жалғасбаев, Нұрлан Пірмантаев, Нұрлан Іздібаев, Бекир Нәбиев басқаратын аудандағы ірі шаруашылықтар мен басқа да шағын шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімдерін нарық бағасынан төмен ұсынып, ризалыққа бөледі. Оның ішінде қала тұрғындарының күріш пен бақша, картоп пен балық, ет өнімдерін сатып алуға деген ынтасы зор болды.

Күз мезгілінің берекелі жәрмеңкесін асыға күткен қала тұрғыны Исатай Тайманов та сол алғыс білдіргендердің қатарында. «Негізінен мен қармақшылықпын. Бірақ Қызылорданың Белкөліне қоныс аударғаным 30 жылға жуық уақыт болды. Бүгінде осы өңірде өсіп-өнудеміз. «Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей, ауылдан қол үзген жоқпын. Барын тұрамыз, жыл сайын жерлеріміздің ұйымдастыруымен өтетін жәрмеңкеге келіп, нарық бағасынан төмен картоп, жуа, қауын-қарбыз, тіпті немерем сүйіп жейтін асқабақты, ел брендісі – күрішті сатып аламыз. Малы барлар жем-шөппен азығын қамтамасыз етеді. Бұл дегеніміз – қалалықтарға көп көмек» дейді ол.

Тағы бір қала тұрғыны Несібелі Көптілеуова да алғысын жеткізіп жат-

ты. «Қала тұрғындары үшін жәрмеңке үлкен қолдау. Мен де осы күнді асыға күтіп, өзіме керегімді сатып алып отырған жайым бар. Адам баласына күнделікті қолданатын азық сатып алдым. Әрине, күріштің де бағасы арзан екен. Жәрмеңкедегі ауыл шаруашылығы тауарларының бағасы көкейге қоныды. Бастысы сол» дейді ағынан жарыла.

Биыл қармақшылық ауыл шаруашылығы саласы мамандары егістік алқапқа бақша дақылмен қатар Сыр маржанын төкпей-шашпай жинауда үлкен жауаптылық танытты. Бұл іс-шара олардың ерен еңбегіне сай құрмет көрсетілген ерекше күн болды. Осындай талағай табысқа толы береке мен молшылық мерекесі «Алтын дән – 2022» салтанаты аудан диқандарының облыста үздіктер қатарынан көрініп, мерейлерін тасытты, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әсет Омаров.

Жәрмеңкеге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, диқан қауымымен және ардагерлермен жүздесіп, игі іске қолдау көрсеткендерге алғысын айтты.

Жәрмеңкеде аудан өнерпаздары әнмен жырдан шашу шашты.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ



# «Кез келген жағдайға дайын болу – міндетіміз»

**19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ. 1995 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚҚА ҚАЛТҚЫСЫЗ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ. БИЫЛ ОСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНЕ 27 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АУДАНДАҒЫ ТӨТЕНШЕЛІКТЕРДІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН БІЛМЕККЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНЕ БАС СҰҒЫП, БӨЛІМ БАСТЫҒЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ПОДПОЛКОВНИГІ ӨМІРБЕК САҚТАБАЕВИПЕН СҰҚБАТТАСҚАН ЕДІК.**

– Өмірбек Жаңабайұлы, әңгімеімізді төл мерекенің іесі құтқарушы мамандығының маңыздылығынан бастасaq?

– Азаматтық қорғау саласының мамандары – өрт сөндірушілер мен құтқарушылар туралы таңда таңға ұрып айтуға болады. Біріміз үшін бұл мерекенің маңызы бөлек. Жалпы аты айтып тұрғандай, адамзат баласын қауіп-қатерден құтқару, төтенше жағдай туындағанда тез арада көмек көрсету, түрлі табиғи апаттардан аман алып қалатын да осы – құтқарушылар. Өз өмірін қатерге тіге отырып от пен су кешетін құтқарушыларға құрметіміз жоғары. Себебі өрт сөндірушілер мен құтқарушылар – нағыз жүректі ер азаматтар. Бұл салаға жүрек қалауымен келген адам ғана елдің құрметіне бөленіп, еңбегінің жемісін көреді.

– Бұрын бала кезде қызыл өрт сөндіру көлігіне қызыға қарайтынбыз. Енді осы құтқару қызметінің бүгінгі мен кешегісін салыстырмалы түрде айтып берсеңіз?

– Иә, өзінкіс айтып тұрғандай бұрын өрт сөндіру бөлімінің гаражында қызыл көлік тұратын. Әлі күнге дейін сол машина. Бірақ оның сыртқы пішіні мен іші заман талабына сай жабдықталды. Бұрын өрт сөндірушілердің қолында өртке себетін түтік, сорғыш қана болса, қазір заманауи техникалар қолданысқа енгізілді. Мәселен, бұрын қолданыстағы оқпандардың қуаттылығы төмен болса, қазір оның қуаттылығы артқан. Одан бөлек техникалардың өрт

ошағына жету жылдамдығы да тез. Өрт сөндірушілердің сыртқы формасы да жаңартылды.

– Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың ел алдындағы имиджі қандай?

– Азаматтық қорғау қызметі алғыс арқалайтын мамандық. Біз шақыру түскен кезде оқиға орнына мейлінше тез жетуіміз керек. Өйткені жиған тергені, үй-күйі өртеніп жатқан адам үшін бұл санаулы минуттар ұзақ болып көрінеді. Өмір бойы маңдай термен жинаған дүниесі көз алдында күлге айналғаны кімге болсын ауыр тиері сөзсіз. Сондай жағдайда олар көмекке келген өрт сөндірушілердің өздерінен кінә іздейді. Яғни, «өртке сусыз келді» деген сияқты ретсіз айыптар тағылады. Шындығына келгенде олай емес. Өрт сөндірушілер жалындаған қызыл отты сөндіру үшін суды қатты қысыммен шашады. Сол себепті су тез таусылады. Көп жағдайда өрттің тұтануы қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туындап жатады.

– Жақсы. Төтенше жағдай көбіне әр жерде табиғи және техногендік сипатта орын алып жатады. Ал енді біздің аймақта осы екі сипаттың қайсысы көп болып жүр?

– Жалпы төтенше жағдай айтып келмейтін апат. Біздің аймақта бұл сипаттың екеуі де жиі кездеседі. Олай дейтіним аудан Сырдария өзеніне жақын орналасқан. Сол себепті жылда дарияның көтерілуіне байланысты су тасу қаупі туындайды. Осыған



орай жылына екі рет республикалық оқу-жаттығу өткізіп отырамыз. Үйлер, көліктер жиі өртенеді. Одан бөлек дала, егіс алқаптарының жануы кездесуі мүмкін. Байқоңырдан ұшып жатқан зымыранымыз бар. Зымыран апатқа ұшыраған жағдайда құлау аумағына жатамыз. Сондықтан кез келген төтенше жағдайға дайын болуымыз керек.

– Қазір барлық жерде жылу беру маусымы басталды. Осыған орай қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Жылу беру маусымы – өрт қауіптілігі жоғары кезең. Біз бұл кезеңге тамыз айынан бастап ұлт-насихат жұмыстарын жүргіздік. Айтар болсақ, үй-үйді аралап тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін сақтауды, пеш құбырларын тазарту керектігін ескерттік. Көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларға іс сезгіш құралын орнаттық. Себебі орын алатын өрт оқиғаларының дені осы тұрғын үй болса, екіншісі көліктердің өртенуі. Көлік тізгіндеген жүргізушілермен де кездесіп, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды жиі насихаттап келеміз. Биыл

тоғыз айда 36 төтенше жағдай тіркелсе, оның басым көпшілігі өрт оқиғасы.

– Сұқбатымыздың соңғы сауалы ретінде өзіңіздің азаматтық қорғау қызметіндегі жүріп өткен еңбек жолыңыз жайлы айтсаңыз?

– Мен осы салада 22 жыл қызмет істеп келемін. 2004 жылы оқуды бітіріп, аудандағы өрт сөндіру бөліміне қарауыл бастығы болып қабылдандым. 2008 жылдан бастап төтенше жағдайлар бөліміне ауысып, осы саладан қол үзбей қызмет істеп келемін. Ол да аз уақыт емес.

– Мерекеге орай өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға айтар тілегіңіз?

– Жоғарыда айтып өткендей өмірі от пен судың ортасында өтетін өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың қызметі қиыншылыққа толы. Барша осы сала мамандарын мерейлі төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілеймін!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан  
Еркін СӘДУЛЫ

► ИМАН

## МӘУЛІТТЕ БАСПАНА СЫЙЛАДЫ



Исі мұсылман үшін бес күн жалған дүниеде Пайғамбар өмірінен алар өнеге көп-ақ. Гасырдан бері тойланатын келе жатқан мерекенің басты мақсаты – ардақты Пайғамбарымыздың діни ілімін насихаттап, оған салауат айту. Болашақ ұрпақты имандылыққа тәрбиелеп, адамгершілікке тарту.

Рухани шарада «Қармақшы ата» мешітінің бас имамы Өміржан Жұмаділдәулі жиналған жұртшылықты Мәуліт мерекесімен құттықтап, пайғамбарымыздың өмірінен сыр шертті.

– Екі дүниенің сардары, адамзаттың асыл тәжі болған, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің туған айы Мәуліт мерекесімен араға жыл салып, қайта қауышып отырмыз. Ардақты пайғамбарымыз Исламның асыл құндылықтарын адам бойына сіңіру үшін басқаларға өнеге көрсете отырып, бар күш-жігерін сарп етті. Ол өз іс-әрекетімен және көркем мінезімен көпшілікті тәнті ете білді. Соның нәтижесінде тула бойы асыл қасиетке толы саңлақ сахабалар үлгісі пайда болды. Ол қою қара түнек жапқан қоғамға жарық сәулесін шашып, дүниені нұрға бөледі. Адамдардың жүрегіне нұр, мінезін көркемдік дарытып тәрбиеледі. Ендеше осынау айда мүмкіндігімізше пайғамбарымызға салауатты көбірек айтып, салауат айтуды айналамыздағы ағайын-туысқа, балаларымызға насихат етуді ұмытпайық. Осы мерейлі Мәуліт мерекесі баршамызды рақымға бөлеп,

имандылық пен бауырмалдылықтың арта түсуіне сеп болғай, – деді бас имам. Кезінде Имам Наурузи өзінің бір хадисінде «Жыл сайын Пайғамбардың туған күніне сәйкес келетін осы күндердегі садақалар, жақсылыққа шақыру және адам бойынан көрінетін көркем мінезділік пен қуанышты істер осы заманның ең жақсы жаңалығы» деген екен. Қайырымдылық іс-шара аясында Барыс жылында 1974 жылы туған, аудандағы №26, №27, №105, №121, №183, №250-ші мектепті 1991 жылы бітірген азаматтар мұқтаж 2 отбасыға баспананың кілтін табыстап, 20 отбасыға азық-түлік қоржынын таратты. Сонымен қатар қайырымды іс ретінде көпбалалы ана Ләйлі Әсенованың үйіне газ орнату жұмысын бастаған. Мерекенің жылдағы үрдісі бойынша 1974 жылы туған аудан азаматтары мүшел жасқа аяқ басқан кейінгі толқын 1975 жылғыларға игілікті істі жалғастыруға аманат хат тапсырды. Күтпеген жерден баспаналы болған кент тұрғындары ағаларына алғыстарын жаудырып, рақметін айтты.

– Сіңілім екеуіміз студентпіз. Қаладағы медициналық колледжде медбике мамандығын алып жатырмыз. Мәуліт мерекесінде баспаналы болғанымызға өте қуаныштымыз. Шынымызда айтсақ бұл жаңалықты естігенімізде жылап жібердік. Анамыз ерте өмірден өткен. Содан бері әпкеміздің қолындамыз. Бұйырса енді өз

Жер жүзінің мұсылмандары асыға күтіп, бір ай бойына тойланатын ерекше мереке бар. Ол қасиетті – Мәуліт мерекесі. Мәуліт сөзі араб тілінен аударғанда туу уақыты немесе туған күн дегенді білдіреді. Яғни бұл уақытта Алла елшісі дүниеге келіп, жер жүзі қуаныш пен нұрға бөленді. Сондықтан әр жылы рәбиғәлууал айында Пайғамбарымызға салауат айтып, мәулітті атап өту дәстүр болып қалыптасты. Қасиетті мереке көптеген мұсылман елінде кең көлемде тойланса, мерейлі іс-шара аудандағы «Қармақшы ата» мешітінде де ерекше аталып өтті.



баспанамыз болады. Мәуліт мерекесімен анамыздың туған күні қатар өтіп жатыр. Осы күні қуаныш сыйлаған барша ағаларға үлкен рақмет айтамыз. Жақсылығы екі қайтсын, – деді апалы-сіңілі Жұлдызай мен Алтынай.

Ал көпбалалы ана Марта Әбділова төрт жылдан бері пәтер жалдап тұрып келген. Ол да қайымдылық іс көрсеткен ағаларына ыстық лебізін білдірді.

– Өзім кент әкімшілігінде қоғамдық жұмыс жасаймын. Осы уақытқа дейін жөндеу жұмысын көрмеген пәтерлерді жалдап тұрдым. Бір күні осы азамат-

тар үйіме келіп, көріп кетті. Бірақ мен үйлі боламын деп ойламадым. Уақыт жақындап, баспаналы болатынымды естігенімде қуаныштан жарылып кете жаздадым. Ол кісілерге Алланың нұры жаусын. Алғысым шексіз, – деді көпбалалы ана.

Мерекелік шарадан соң жамағат мешітке кіріп, уағыз тыңдады. Ал 1974 жылғы азаматтар жылынан жұртқа ас беріп, өмірден өткен құрдастарына Құран бағыштады.

Еркін ӘБЛӘКІЕВ



# АҚПАРАТ АҚТАҢГЕРІ



**БИЫЛ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА ТОҚСАН ЖЫЛДАН БЕРІ РУХАНИ ҚОЛДАУ КӨРСЕТИП КЕЛЕ ЖАТҚАН «ҚАРМАҚШЫ ТАҢЫ» ГАЗЕТІНЕ 90 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАСЫНДА «ЕКПНДІ» АТАУЫ-МЕН АЛҒАШҚЫ НӨМІРІН ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРҒАН БАСЫЛЫМ ӨНДІРІСІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН ЕЛ-ЖҰРТҚА ЖАРИЯ ЕТИП КЕЛЕДІ.**



аудандық кәсіптік-техникалық училищесі директорының көмекшісі, 1962 жылдан 1963 жыл аралығында «Союзпечать» мекемесінің бастығы қызметтерінде болады.

С.Махмутұлы құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін өзі қызметтен «Коммунизм шамшырағы» газетіне оралып, онда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Сол бір ұмтылмас жылдардағы қызметте аудан ақпаратының ақтаңгері атанған ол талай қаламы ұшталған қаламгерлермен қызметтес, дәмдес-тұздас болды. Смайыл Ақжігітов, Әбілахат Жанәділов және басқа да қаламгерлермен бірге елде болып жатқан жаңалықтарды жария етіп, көптің көңілінен шықты. Ардагер журналистен тәлім алған Қаршыға Бүркітбаев, Қанибек Молдахметов, Рашид Жарылқасынов, Оқас Тәженов, Айжарық Сәдібеков, Бақыт Қаналиева, Нарша Алданазаров, Шанһада Әбдікәрімов, Алтай Үсеновтердің өздері кейіннен шәкірт тәрбиелеп, ұстаз мерейін тасытты.

Ұлы Отан соғысының ардагері, аудан ақпаратының өркендеуіне үлес қосып, ел-жұртының құрметіне бөленген Сапабек Махмутұлы коммунистік партия қатарында жүргенде елдің мұқтажын тыңдап, оған көмек қолын созуымен елге танылды. Ол бірнеше рет аудандық, поселкелік кеңестің депутаты болып сайланды. Бірнеше мәрте ҚазКСР Жоғарғы комитетінің құрмет грамотасымен, мадақтамасымен мадақталса, Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан қорғаудағы көрсеткен ерлігі үшін «Варшаваны азат еткені үшін», «1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», бейбіт күндерде ел әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» және «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Ақпарат саласының ақтаңгері Сапабек Махмутов саналы өмірінде өмірлік жары, аудан кәсіпкерлерінің анасы, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Шынар Махмұтовамен бірге 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, олардың қоғамнан өз орнын табуға септігін тигізді.

«Өмір-өзен» дегендей, Сапабек ағамыз 1994 жылы қайтпас сапарға аттанды. Десе де Шынар апайымыз бүгінде жан жарының ізгілік жолын жалғастырып, өңірінен тараған немере-шөбере-шөпшектерінің қолынан су ішіп, бақытты ана атанып отырған жайы бар.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ

Еңбек жолын 17 жасында «Қызыл Ту» газетінде бастап, 1982 жылға дейін жұмыс істеген Сапабек Махмутұлының өмірге келгеніне де биыл 100 жыл толыпты.

Талай дарын иесінің қанатын қақтырған Төрткөл елді мекенінде дүние дидарын ашып, қарапайым шаруа отбасында тәрбиеленген Сапабек Махмутұлы мектепті тәмамдаған соң «Қызыл Ту» газеті редакциясына техникалық хатшы болып жұмысқа қабылданады. Одан кейін бөлім меңгерушісі, хатшы қызметтерін абыроймен атқарады. Білікті журналист түрлі тақырыпта мақала жазып, аудан тұрғындарын елде және аудан аумағында болып жатқан жаңалықтармен таныстыруда аянбай еңбек етеді.

Майталман маманның тәжірибесін ел мүддесіне пайдалануда аудандық партия комитеті алғашқыда аудандық атқару комитетінің хатшысы, одан соң Жалағаш аудандық «Күршішілер» газетінің жауапты хатшысы, ал 1942 жылдың басында Жосалы Кеңесі атқару комитетінің хатшысы қызметіне тағайындайды.

Тәжірибелі маман ауданның бас шаһарының әлеуетін өркендетуге атсалысып, майданның жеңіспен аяқталуына үлесін қосады. Отан қорғауға аттанған жерлестерінен келген қара қағаздарды көріп, жергілікті басшылықтан майданға аттануға бірнеше рет сұранғанымен, оның өтініші құпталмайды.

Бірақ ол сол жылдың наурызында аудан басшыларынан рұқсат алып, Отан қорғауға аттанады. Талай ұрыс даласында неміс басқыншыларына қарсы соғысып, ерліктің үлгісін көрсетеді. Ұлы жеңісті шетелде қарсы алған майдангер Сапабек Махмутұлы туған елге 1949 жылы оралады. Өйткені ол әскери басшылықтың бұйрығымен соғыс зардабынан қираған қалаларды қалпына келтіруге атсалысады.

Сұм соғыстан аман-есен елге оралған майдангер бұған дейін өзі қызмет еткен аудандық партия комитетінде жалпы бөлім меңгерушісі, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің инспекторы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Ауданда ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге белсене араласып, ықпалын тигізеді.

Жұмысқа деген жауапкершілігімен, жүктелген тапсырмаларды дер кезінде сапалы орындап, ұжым арасында ауызбіршілікті сақтауда маманның еңбегін бағалаған аудан басшылары оны Ақжар МТС-на партия хатшысы қызметіне тағайындайды. Бұл қызметте де Сапабек әкеміз өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, ел құрметіне бөленеді. Бірақ қаламгерлік қызметті ұмыта қоймаған, өмірінің серігі түсінген Сапабек Махмұтов сүйікті газетіне қайта оралады. Газет қызметінде 1957 жылға дейін бөлім меңгерушісі болса, аудандық партия комитетінің тапсырмасымен аудандық атқару кеңесінің бөлім меңгерушісі,

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер «Махамбетов», 2022 жылғы 24 қараша күні сағат 15.30-да, Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Жосалы селосы, Абай көшесі №97 мекенжайы бойынша «Кайырыл дастархан» кені орнында құм қиыршық тас өндіру» жобасының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «шекті нормалар шығарындылары» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecoportal.kz/>, Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> сайтында танысу болады.

Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық

порталында, сондай-ақ e-mail: [akmaral.eco@mail.ru](mailto:akmaral.eco@mail.ru), қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар оңай режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: 87713402286 телефоны, e-mail: [akmaral.eco@mail.ru](mailto:akmaral.eco@mail.ru) бойынша алуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Махамбетов», сообщает, что в 15 час 30 мин. 24 ноября. 2022 года по адресу: Кызылординская область, район Кармакшинский, село Жосалы, ул. Абай №97, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту РООС, НДВ к плану горных работ «Разработке месторождения пещано-гравийной смеси «Кайырылы Дастархан», расположенного в Кармакшинском районе Кызылординской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/>, а также сайте МЮ <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не

позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также на e-mail: [akmaral.eco@mail.ru](mailto:akmaral.eco@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МЮ <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru>.  
Дополнительную информацию можно получить по адресу: по телефону 87713402286, e-mail: [akmaral.eco@mail.ru](mailto:akmaral.eco@mail.ru).

## ▶ БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

### ҚАРЛЫҒАШЫМ, ҚАЙДАСЫҢ?

*Шымыр, шағын мүсінді,  
Сұп-сүйкімді ол бәрінен.  
Сағындырған құсымды  
Тосып жүрмін әлі мен.*

*Алаң боп ай, апталап,  
Күтем мамыр айда шын.  
Айыр құйрық, ақ тамақ  
Қарлығашым, қайдасың?*

*Жүрсін бе ұшып маңайда,  
Көк аспанды шойлайын.  
Жылы ұяң тұр сарайда  
Есікті ашып қояйын.*

*Қос көзімді талдырып,  
Көрінбейсің алайда.  
Көңілімді қалдырып  
Кешікпеші, жарай ма?*

*Сені мендей кім ұғар,  
Күтем келсін күз мейлі.  
Қанатты дос, біліп ал  
Досты тек дос іздейді.*

### АТАЙДЫҢ БАҚШАСЫ

*Жадыраған жаз ғайып,  
Гүл де солып үлгерген.  
Жапырақтар сарғайып  
Сары алтындай күз келген.*

*Піскен шағы жемістің,  
Қауын да бар – басқасы.  
Жайнатқандай жер үстін  
Көрші атайдың бақшасы.*

*Болды бірде бір бүлік,  
Қауынға обал, түсінсең!  
Үзген, жарған бүлдіріп  
Қай тентектің ісі екен?*

*Төзбей мұндай қылыққа,  
Қатты ренжіп жүр атай.  
Ұрлық жасау дұрыс па?  
Әрине, жоқ. Ұят-ай!*

*Әлгі бұзық – ол қайда,  
Қалай қарар көзіне?  
Сұрап алса болмай ма?  
Бермес пе атай өзі де.*

### ТӨТІ ТАҒАМ

*Немересін әлі осы –  
Қамқор тұтқан әжесі.  
Тойға барса, сарқыттан  
Ала келу – әдеті.*

*– Базарлығым бар саған,  
Қане, ал, қазы-қартадан.  
Анау алма алқызым  
Кәмпіт мынау самсаған.*

*Шырын екен бал да, май,  
Көздің жауын алғаны-ай!  
Жей бергің де келеді  
Тәттілерді талғмай.*

*– Таңдауыңның бар бәрі  
Жей ғой, тойып ал-дағы.  
Қызығы қол соза да  
Неге алмады ол алманы?*

*Бала бәрін болжай ма,  
– Үйретпе әже, ондайға.  
Тәттіні көп жей берсем  
Тісім түсіп қалмай ма?*

### САНАМАҚ

*Алма беті албырап,  
Ол қалыпты демде өсіп.  
Немересін алдына ап,  
Атасы отыр сөйлетіп.*

*– Болысың ғой азамат,  
Биыл беске шығасың.  
Зеректігің ғажап-ақ  
Ұғымтал бол ұғатын!*

*Есеп білсең, ал сана,  
Бірлеп саусақ бүгесің.  
Айтшы қане, қаншаға  
Дейін санау білесің?*

*Тартты бала танауын,  
Кекілін жасал тербеген.  
– Ата, сені аламын  
Жүзге дейін мен деген.*

*... тоғыз, он - деп тоқтады ол,  
– Санағыштың өзі екен.  
Ал, он бір ше? Таппады ол  
Артық саусақ жоқ екен.*

Достық ТІЛЕУБЕРГЕНОВ

## Кітап — құнды қазына

Мектеп кітапханасы – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының қайнар көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. Соның ішінде жас жеткіншектердің білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан сусындауына, рухани дүниесін молайтуына тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан.

Мектеп оқушыларының кітапханамен байланысы жақсы деңгейде деп айтуымызға болады. Оқырмандардың көркем әдебиетті оқып, қызығушылығын арттыру мақсатында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысындағы сөйлеген сөздерінде «Оқитын ұл – оқуға құштар мектеп» жобасын құру мақсатында оқушыларды оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту, оқуға деген қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаны кітап арқылы тану мектеп қабырғасынан қалыптастыру керек, ал мектеп кітапханашысы сол оқушының ынтысан оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет деп түсіндірді. Жоба аясында қазіргі таңда мектеп кітапханаларында жаңадан келіп түскен әдебиеттерді оқырмандарымызға таныстырып, кітапханалық сабақтар өткізіліп тұрады. Библиографиялық шолулар, әңгімелер, тренингтер, «Буккроссинг» – кітап оқыда, өзгеге сыйла» тақырыбында кітаптар оқу, «Мобильді кітапхана QR код арқылы қалаған кітапты оқу», «20 минут кітап оқы да 3 минут эссе жаз» секілді,

«Анашым, кітап оқып берші!», «Әкеммен бірге кітап оқимын», «Көңілді үзіліс» секілді көптеген іс-шаралар өткізіліп отырылады. Мақсаты – жас ұрпақ бойында азаматтық рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Міндеттеріне келсек, кітапхананың ресурстық ақпараттық кітапханалық және мәдени ағарту орталығы ретінде дамытуға ықпал ету, отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандыру. Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау, ата-аналарды іс-шараға тарту. Балада жүйелі шығармашылық дамытушылық оқу дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі таңда мектеп кітапханаларында жас оқырмандарымызға көптеген әдеби ертегілерді, тарихи құнды кітаптарды табуға болады. «Қазақ ертегілері», «Шығыс ертегілері» секілді электронды аудиокыралармен оқытын ұлттық құндылықтарға батырлар жыры секілді көптеген кітаппен толықтырылған. Осындай дүниелерді оқу үшін арнайы KOBORKING белмелерімен жабдықталған. Бұл арнайы орталықта (смарт телевизор, жұмсақ диван) оқырмандарымыз үшін барлық жағдай жасалынған. Болашақта кітапсүйер оқырмандарымыздың көп болатынына сенімдіміз.

Айгүл ҚҰТТЫБАЙҚЫЗЫ,  
№28 орта мектеп кітапханашысы

## СІЗДІҢ ЖАРНАМАҢЫЗДЫҢ ОРНЫ

### ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СУ КӨЛЕМІН ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ

Топырақ құнарлылығын сақтау және су көлемін үнемді пайдалану қазіргі таңдағы басты міндетіміз. Егістік жердің беткі қабатының тұздануы егістің жақсы шығуына және мол өнім жинауға кері әсерін береді.

Қармақшы ауданының 2022 жылы суармалы жер көлемі 38850 гектар, ал инженерлік жүйеге келтірілген жер көлемі 23050 гектар болып тұр.

Қазіргі таңда ауданның шаруашылықтары аудан бойынша 65,0 центнерден өнімге қол жеткізіп, жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Үлкен жетістікке қол жеткізудің басты себебі егістік алқаптарды күтіп-баптап, оны инженерлік жүйеге сай уақытылы тұздандудың алдын алу болып табылады. Сондықтан егістік жерлерді мерзімінде сумен шайдыру жұмыстарын жүргізу біздің басты міндетіміз. Құрамында минералды тұздары бар жер бетіне жақын жатқан ыза суларды егістіктен тыс шығара отырып, егіс алқабындағы шағын қашыртқы каналдар қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу ол жер бетін шаю кезінде егіс алқабынан тыс жерлерге суды шығаруға үлкен көмегін тигізеді.

Ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін егістік жерлердің топырақ құнарлығын сақтап, дренаждық жүйелердің және ондағы гидротехникалық құрылыстарын жақсарту керек. Су көлемін үнемді пайдалану және егістік жердің тұздануын қадағалау қазіргі заман талабына сай болып отыр.

Қ.Башенов,  
«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ  
Қармақшы бөлімшесінің басшысы

### ПЕЙШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН

Отбасының тірегі, мейірімді әке, асыл жар, сүйікті ата, бауырлардың қамқоршысы **Жұматай Ишанбекұлы Ақбатырұлы** фони дүниеден озғанына бір жыл болды. Асқар тау әкеміздің жарқын бейнесін, жайдары жүзін сағындық. Біз үшін даналығы биік болған әкеміздің арамдыда жоқтығы жанымызға қатты батады. Ардақтымыз мағыналы ғұмырында кішіге қамқор, үлкенге сыйластық көрсетуімен есте қалды.

*Жылы толды жүзіңді көрмегелі,  
Жадырап алдымызда жүрмегелі.  
Жан әке, орныңыз бөлек бүл өмірде,  
Қаласыз мәңгі бақи жүрегімізде.  
Әкеге не жақсылық қыла аламыз,  
Барса екен сауап болып бар амалымыз.  
Әкемді жәннат баққа кіргізіш деп,  
Әрдайым бір Аллаға дұға қыламыз.*

Ардақтымыздың рухына арнап 23 қазанда сағат 11.00-де Бірлік көшесі (Сай көшесі), №9 үйде жылдық асын береміз. Оған ағайын-туыс, құда-жежжат, дос-жаран, сыйластар мен көрші-көлемді түгел шақырамыз.

Сағына еске алушы балалары, немерелері,  
Ақбатырұлы әулеті



### ЖАРҚЫН ЖҮЗІҢ МӘНГІЛІК ЖАДЫМЫЗДА

Отбасымыздың арқасүйері, әулетіміздің жанашыры, қамқор әке, қадірлі ата болған **Жорабек Алмағанбетұлы** осыдан бір жыл бұрын мәңгілік сапарға аттанған еді. Ардақтымыздан айрылғалы көкірегімізді муң шалып, жүрегіміз сыздап орны толмас сағыныспен еске алып, өмірден өткеніне сене алмай жүрміз. Уақыт қанша алға жылжыса да, жылы жүзі мен жарқын бейнесі жадымызда мәңгі қала береді. Ақылшымыздан айырылып, қайғы жамылғалы жанымыз жабырқаулы. Жанарымызға еріксіз жас үйіріледі. Төртегі ойсыраған орнына қарап қамығамыз.

*Іздесең те өзіңді таппаймыз,  
Сабыр сақтап, Алла ісіне тоқтаймыз.  
Жатқан жерің жұмақ болсын, деп тілеп,  
Нұр бейнеңді жадымызда сақтаймыз.  
Қимасымыздың өмірден өткеніне жыл толуына орай Дүр  
Оңғар ауылында 23 қазанда сағат 10.00-де жылдық асын  
береміз. Оған ағайын-туыс, құда-жежжат, дос-жаран, сыйлас-  
тар мен көрші-көлемді түгел болатынына сенімдіміз.*

Сағына еске алушы балалары, балалары,  
немерелері, бауырлары





# Сала Саңлағы

**ЖАСТЫҒЫНА ҚАРАМАСТАН АУДАНДА ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫҒА АТСАЛЫСЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАР АЗ ЕМЕС. ОЛАР ӨЗДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІМЕН, ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАБІЛЕТІМЕН, ЕЛЖАНДЫЛЫҒЫМЕН ДҮЙІМ ЖҮРТҚА ТАНЫЛЫП, ҚҰРМЕТ ТӨРІНЕН КӨРІНУДЕ. СОНДАЙ ДАРЫНДЫ ЖАСТЫҒЫ БІРІ – АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ САЛА МАМАНЫ ҒАЛЫМЖАН ЕРЖАНОВ БАСҚАРАТЫН №16 АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕГІ ҚОЛ КҮРЕСІ БӨЛІМІНІҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ ТАЛҒАТ ҚАНАЕВ.**

Байқоңырда өмір есігін ашып, мектепте білім алып жүріп-ақ елімізге танымал жаттықтырушы Әділбек Серікбаевты үлгі тұтқан Талғат өсе келе Алматы қаласындағы жоғары оқу орнында төрт жыл білікті ұстаздардан тәлім алып, қанатын қатайтады. Сол Алматыда оқып жүргенінде қол күресімен айналысып, уақыт өте 70 келі салмақта Қостанайда өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанады. Ол 2015 жылы екінші рет өз салмақ дәрежесі бойынша ел жеңімпазы, келесі жылы Көкшетауда өткен ел біріншілігінде қола жүддені иеленеді. Осылайша жоғары оқу орнын тәмамдаған Талғат туған елге оралып, өзін биік белеске көтерген спорттың осы түрін аймақта жандандыруға кіріседі.

Қазақстан Республикасының чемпионатын ұйымдастырып, онда Сыр бойы құрамасы ІІ орынды иеленеді. Чемпионатта қармақшылық қол күрес шеберлері Роман Швед пен Бауыржан Бекжанов, жаңақорғандық Рақымжан Махмұт жеңімпаз атанса, Нұрай Сәрсенова мен Урслан Әлімов өз салмақтарында жүлделі орыннан көрінеді.

Жас та болса өз ісінің шебері, бүгінде есімі елге танылған спорт маманы Талғат Қанаев 40-қа жуық жас қолкүресшіні спорттың осы түріне баулуға. Олардың арасында Роман Швед пен Бауыржан Бекжанов ҚР спорт шебері атанса, олар Өзбекстан мемлекетінің астанасы Ташкентте өткен Азия біріншілігінде ел намысын қорғады, Асхат Әділбеков ел чемпионатында жүлделі ІІ орынды жеңіп алып, Грузияда өткен Әлем біріншілігінде Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсетті.

Осы ретте Талғаттан ауданымызда қол күресінің дамуы жайлы сұрадық. – Менің балалық арманым орындалды. Марқұм Әділбек ағамның қолдауымен осы спорт түрімен шұғылдана бастадым. Облыста қол күресінен федерация құрып, сол арқылы жұмысымызды жүргізіп, жетістіктерге жеттік. Чемпион атандым. Шәкірттеріміз де есімдері елге танылуда. Жас буын өкілдері жетіліп келеді. Олардан үлкен үміт күтеміз. Алдағы жоспарға келсек, өзім де, шәкірттерім де Әлем біріншіліктерінде жеңімпаздар тұғырында тұрып, ел байрағын көкке желбіретсек, – дейді білектілер спорт басылығының қолдауымен облыс орталығында тұңғыш рет

# ТАЛАЙДЫ ТАЛПЫНДЫРҒАН ҚАРАШАҢЫРАҚ

**«ЖҮЗ ЖЫРАУДЫҢ ОТАНЫ» АТАНҒАН КИЕЛІ ТОПЫРАҚ ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕРДЕН БӨЛЕК, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ДЕ, ТҮРЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ ДЕ ТУҒАН ЕЛІНІҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСТЫ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА СПОРТ САЛАСЫНДА ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРЫМЕН ТАҢҚАЛДЫРЫП ЖҮРГЕН САЙЫПҚЫРАНДАРЫ БІР ТӨБЕ.**

Өңірде күрес түрлерінен жүзден астам балуан әлемдік, халықаралық республикалық жарыстарда танылып жүргенін білеміз. Жерлестер арасында екі балуанымыз «Қазақстан барысы», бірнеше спортшы Әлем және Азия жеңімпазы атанды. Сонымен қатар штанга, бокс сияқты спорт түрлерінен де жасындай жарқырап, Қазақтың туын дүниежүзі төрінде желбіретті.

– Міне, осындай жұлдыздарымызды қолдап, олардың әлемге танылуына бірден-бір жұмыс істеп жатқан аудандағы спорт және денешынықтыру бөлімі мен №15 және №16 спорт мектептері мен спорт клубы.

Осы ретте аудан жастарын спортқа баулып, олардың өмірден өз орнын табуына еселе еңбегімен көрініп жүрген халықаралық дәрежедегі төреші, күрес түрінде спорт шебері, №16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Ғалымжан Ержановпен жүздескен едік.

– Мен басшылық ететін аудандық №16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Жосалы кенті және аудандағы қарасты бірнеше елді мекен бойынша жасөспірімдер спорттың 11 түрін жаттығады. Ал оларды түрлі санаттағы 23 білікті де өз ісінің шебері атанған жаттықтырушы спортқа баулиды. Олар арасында спорт түрлерінен дүбірлі жарыстарда үздік атанып, абырой биігінен көрінгендер де бар. Жеңімпаз және жүлдегер шәкірт баптап, спорттық мансапта жетістікке қол жеткізгені де жетерлік. Атап айтқанда, Мұқанай Таубаев, Қайрақ Рсалдиев сынды аға буын өкілдері өзінен кейінгі әріптестеріне үлгі көрсетіп, олардың жетістіктеріне қуанады. Жастар арасында атап айтқанда Талғат Қанаев тәрбиелі етін қолкүресшілер дүбірлі жарыстарда жеңімпаздар көшін бастап, ұстазының мерейін тасытуда. Быыл шәкіртіміз Нұрасыл Төленді Өзбекстан Республикасының Самарқанд қаласында өткен Азия чемпионатында және одан кейін Алматы облысы, Талғар қаласында өткен Қазақстан чемпионатында жүлделі ІІІ орынды немденің беделімізді көтерсе, Гүлайым Нұрмаханова, Әділбек Кенев және Әлихан Сағатбеков сынды жас мамандардың шәкірттері де үлкен жарыстарда жеңімпаздар қатарынан көрінді. Бокстан Әділбек Сәндібековтің үкілеген шәкірті Әбдуәли Қыдырбай мен Ислам



Ибрагим Жамбыл облысы, Шу қаласында өтетін Қазақстан чемпионатына жолдама алды, – дейді ол.

Сонымен қатар Алматыда дзюдодан өткен облыстық ашық турнирде спорт мектебінің ІІІ Интернационал ауылындағы филиалының жаттықтырушысы Айтеке Әбләқұловтың шәкірттері Наурыз Қайыр, Нұрдәулет Сәдуабаев пен Нұрислам Өтеп және Айқын Мұстафа, сонымен бірге Ақжол Алмат өз салмақтарында жеңімпаз атанса, Нұрдәулет Нұрланұлы жүлделі ІІІ орынға көтерілді. Аталмыш спорт мектебінің жаттықтырушылары Айтеке Әбләқұлов пен Әлихан Сағатбековтың шәкірттері Ердаулет Сәдуабаев, Қалбек Темірбаев, Наурыз Қайыр, Нұрдәулет Сәдуабаев Байқоңырда өткен «Халықтар достығы» атты жарысқа қатысып, бірі – жеңімпаз, енді бірі – жүлдегер атанған.



# БАЛҒЫН БАЛУАНДАР БАПКЕРІ

**СЫР ЕЛІНДЕ СПОРТ САЛАСЫ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ БАҚ СЫНАП, ЖЕТІСТІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ЖҮРГЕН ДАҢҚТЫ СПОРТШЫЛАР КӨП-АҚ. ТУЫМЫЗДЫ БАЙРАҚТЫ ЖАРЫСТАР ТҰҒЫРЫНДА ЖЕЛБІРЕТІП, ӨНУРАНЫМЫЗДЫ АСҚАҚТАТҚАН КЕЗІМІЗДЕ АЗ ЕМЕС. СОНДАЙ АЗАМАТТЫҒЫ БІРІ – АҚАЙЛЫҚ САМБОШЫ НАУРЫЗБЕК ДӘУЛЕТБАЕВ.**

Есімдері тек Ақай ауылы тұрғындарына ғана емес, қармақшылықтарға танымал енегелі отбасы иелері – Бердалы Дәулетбай мен Қарлығаш Сәдуақасовандар тараған жеті баланың кенжесі Наурызбек Бердалыұлы ауыл мектебін бітірген соң бала кезден өміріне серік еткен самбоны жетілдіре түсуде жүрек қалауымен жоғары оқу орнында білім алады. Спортқа жақын көп ағайынды отбасында өскен Наурызбек жоғары оқу орнын бітіргенін туған жерге келіп ауыл жастарын спортқа баулуға №16 аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің самбо бөліміне жұмысқа орналасады.

Ауыл тұрғындарына ақындығымен, елжандылығымен танылған Бердалы Дәулетбайұлы ақсақал да спортқа жақын жан әрі жанкүйер. Ол шахмат, теннис, бильярд, тоғызқұмалақ сияқты спорт түрімен айналысады. Ардагерлер арасында өткен аудандық жарыстарда жеңімпаз атанған спортшы. Осындай спортсүйер отбасында тәрбиеленген Наурызбектің бала жасынан самбомен айналысуына себепкер болған оның туған ағасы Кендебай екенін айтады. Аға ақылымен 9 жасынан алғашқы жаттықтырушысы Төлеби Төлеповпен самбо үйірмесінде жаттыға бастайды.

Жас балуан спортқа келген күннен бастап зеректігін көрсетіп, көп ұзамай өз салмағында жеңімпаз атанады. Бірқатар аудандық, облыстық жарыстарда өзі белдескен салмақ дәрежесінде топ жарып, жеңімпаздар көшінен көрінеді.

Мектепті тәмамдаған соң Алматы қаласындағы «Спорт және туризм» академиясына оқуға түсіп, оны



2013 жылы бітіріп елге келеді. Содан бері талай дүбірлі додаға қатысып, биік тұғырдан орын алған ол бүгінде Ақай ауылындағы аудандық №16 балалар және спорт мектебінің филиалында жаттықтырушы ретінде спортқа жаны құмар жас өрендерді самбо күресіне тәрбиелеуде. Наурызбектің тағдыры табыстырған өмірлік жары Назерке де самбошы. Ол да көптеген дүбірлі жарыста

жеңімпаздар тұғырынан орын алып, абыройлы болған спортшы десек артық айтқандық емес. Өмірлерін спортпен байланыстырған екі жас кейін келе шаңырақ көтеріп, бүгінде ұрпақ сүюде. Назерке инабатты келін ретінде қазақ келініне тән қасиетімен ауыл-аймаққа сыйлы, дастарқанын нан мен аққа толтырған жас ана, аяулы жар. Осы ретте Наурызбектен бүгінгі уақытқа дейін қолы жеткен жетістігі жайында айтып беруін сұраған болатынбыз.

– 2009 жылы Қазақстан чемпионатына қатыстым. 2017 жылы Ақтөбе қаласында өткен самбоның жауынгерлік түрінен өз салмағы бойынша жеңімпаз атандым. Астана қаласында ҚР Президенті жүлдесі үшін өткізілген Әлем кубогында жеңіске жеттім. Одан кейін де республикалық деңгейде өткен және Ашхабад, Ташкент, Түркістанда өткен байрақты жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым, – дейді ол.

Ақай ауылында өсіп-өніп, өңірде спорт саласын дамытуға атсалысып жүрген Наурызбектің қарамағында самбодан 9-13 жас аралығында 35 бала жаттығады. – Бапкердің бағыты анық болса, шәкірттің де сенім нық. Менің үмітімді ақтап, республиканы былай қойғанда, халықаралық жарыстарда топ жарып жүрген шәкірттеріме ризамын. Оларды іріктегенде алдымен туған жылын, жас ерекшелігін ескереміз, содан кейін әр шәкірттің дене дайындығы мен мінез-құлқының ерекшелігіне назар аударамыз. Егер ол самбо күресімен айналыспас бұрын басқа спорт түрін шұғылданып болса, онда дене дайындығы басқаға қарағанда жақсы болып келеді. Сондықтан да балаларды жеке топқа бөлеміз, – дейді бапкер.

Бақыттың бозкілемнен тапқан Наурызбек Бердалыұлы әркез шәкірттерінің жетістігімен қуанады. Ол – спорт саласының дамуына аянбай үлес қосып келе жатқан азамат.

## ▶ СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# Олжалы оралды

8-15 қазан аралығында Атырауда қазақша күрестен ересектер арасында Қазақстан Республикасының кезекті біріншілігі өтті. Еліміздің барлық аймағынан мықтылар көшін бастаған балуандардың қатысуымен өткен жарысқа Сыр елі балуандары да қатысты. Жарыс қорытындысында қармақшылық бозкілім шеберлері арасында 100 келі салмақтан жоғары белдесу өткізген жерлесіміз, білікті сала маманы Болат Кеневтің шәкірті Мақсат Исақабылов жүлделі ІІ орынды иемденсе, Қызылорда құрамасы сапында 82 және 90 келі салмақта өңір намысын қорғаған Серік Ақылбек пен Ұласхан Алпысбаев жүлделі ІІІ орынды иеленді.



# АЛДА АЙМАҚ НАМЫСЫ



Жақында Тереңөзек кентінде облыстық білім басқармасы мен білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен сала қызметкерлері арасында 31 қазан және 6 қарашада Тараз қаласында өтетін республикалық спартакиадаға іріктеу мақсатында өткен облыстық жарыста біздің жерлестеріміз жақсы нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, аудандық білім бөлімінің қызметкері, команда басшысы Әділхан Ерекешов бастаған үстел теннисшілері, құрамында №277 мектеп-лицейінің ұстазы Жұсіпбек Оспанов, №269 орта мектептің ұстазы Назерке Рахматулла мен №275 орта мектептің ұстазы Азамат Тұртбаев сынды спортшылар қарсыластарын жеңіп, спартакиада жеңімпазы атанды. Енді олар ай соңында республикалық спартакиадада аймақ намысын қорғайтын болады.

Бетті дайындаған Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Қармақшы аудандық  
«Қармақшы таңы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Сәрсенқұл РАЙЫМБАЕВА**

Телефондар:  
Бас директор – 8(7242) 40-11-10  
Бас редактор – 2-17-84  
Жауапты хатшы – 2-14-59  
Бас маман – 2-16-01

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде 16 сәуір, 2019 жылы қайта тіркеліп, №17660-Г куәлігі берілген. «Қармақшы таңы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жерге авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сейсмикалық басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А. Газеттің таралымы бойынша Қармақшыда 2-16-01 және 8(7242)-70-14-08 телефондарына хабарласуға болады.  
Таралымы 4225 Тапсырыс 1754

Мекен-жайымыз: 120500, Қызылорда облысы, Жосалы кенті, Сүлейменов көшесі №3 үй. E-mail: karm\_tany@mail.ru

Кезекші редактор Ақнұр САҒЫНТАЙ